



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

ОҚУҒА ТҮСУ
БОЙЫНША ГИД
**ADMISSION
HANDBOOK**


Өзгермелі әлемде басқаруды үйретеміз

2023-2024

МАЗМҰНЫ

Маңызды күндер	2
Құжаттардың тізімі	3
Білім беру бағдарламалары мен қойылатын талаптар	4
Конкурстық іріктеу кезеңдері	5
Конкурстық іріктеу кезеңдері туралы	6
Аналитикалық эссе	6
Сұхбат	7
QRT дегеніміз не?	9
Академияда оқудың артықшылықтары.....	10
Жиі қойылатын сұрақтар	11

МАҢЫЗДЫ КҮНДЕР



1. Жеке басын куәландыратын құжаттың сканерленген нұсқасы
2. Жоғары білімі туралы диплом қосымшасымен сканерленген нұсқасы
3. Шетел азаматтарын қоспағанда мемлекеттік тілді B1 деңгейінен төмен емес деңгейде білетінін растайтын QAZAQ RESMI TEST (www.qrt.kz) немесе ҚАЗТЕСТ (www.kazakhtest.kz) сертификаты
4. Еңбек қызметін растайтын құжат
5. Өтініш (ЭЦҚ-мен қол қойылған)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

МАГИСТРАТУРА	
Білім беру бағдарламалары	Негізгі қойылатын талаптар
ЕМРА – Мемлекеттік басқару (мемлекеттік қызметші емес адамдар үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша) (1 жыл)	
—	Басшы лауазымдағы жалпы еңбек өтілі кемінде екі жыл
MRD – Өңірлік даму (мемлекеттік қызметші емес адамдар үшін модульдік оқыту қағидаты бойынша) (1 жыл)	
—	Жалпы еңбек өтілі кемінде екі жыл

КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

МАГИСТРАТУРА

	Іріктеу кезеңдері	Үлес салмағы
1	Аналитикалық эссе жазу	60%
2	Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұхбат (модульдік бағдарламалар үшін қазақ және орыс тілдерінде)	40%

Конкурс қорытындысына сәйкес жиналған балдар жиынтығы бойынша магистратура білім беру бағдарламалары бөлінісінде үміткерлердің сараланған тізімі жасалады.

КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЭССЕ

Аналитикалық эссе - бұл белгілі бір мәселе бойынша жеке ой-пікірі (ұстанымы) мен талдауын білдіретін еркін жазбаша жұмыс және ол кәсіби қызмет саласынан хабардарлығын анықтауға бағытталуы мүмкін.

Аналитикалық эссе мынадай үш құрылымдық компоненттен тұруы керек:

- 1) Кіріспе. Кіріспе мәселені нақтылап, өз ой-пікірін (тезисін), дәлелдеуге арналған контекстті жеткізуден тұрады.
- 2) Негізгі бөлім. Негізгі бөлім өз тезисін түсіндіруден, белгіленген мәселе бойынша ағымдағы жағдайды, қолданыстағы заңнамалық негіздерді, дәлелдемелерді сипаттаудан және дәлелдер келтіруден, мәселені шешу жолдарын ұсынудан тұрады.
- 3) Қорытынды. Қорытындыда бастапқы ойды (тезисті) түйіндеу бойынша тұжырымдар келтіріледі.

Аналитикалық эссенің көлемі 1000 сөзден аспауы тиіс.

Аналитикалық эссе кестеге сәйкес жеке кабинет арқылы онлайн форматта жазылады, процесс бейнежазбаға жазылып, прокторинг жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Аналитикалық эссені бағалау критерийлері:

- 1) Білім тереңдігі. Таңдалған дайындық бағдарламасы туралы білімі, кәсіби қызметтегі білімін қолдану, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білу және талдау.
- 2) Сараптауы (аналитикасы). Дәлелдеу және дәлелдеме келтіру, мәселені шешу бойынша идеяларды синтездеу.
- 3) Құрылымдылығы, нақтылығы және ықшамдылығы. Құрылымға сәйкес болу, жеткізу стилі, рефлексия.
- 4) Сауаттылығы. Грамматикалық және стилистикалық қателіктердің болмауы, дәйексөздерді, дереккөздерге сілтемелерді келтіру деңгейі.



СҰХБАТ

Сұхбаттың мақсаты үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, нормативтік-құқықтық актілер мен заңнаманы білу деңгейін айқындау болып табылады.

Сұхбат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша жүргізіледі және процесс бейнежазбаға жазылады.

Сұхбат үміткердің жеке кабинетінде көрсетілген кестеге сәйкес офлайн форматта жүргізіледі. Бір үміткермен сұхбат жүргізу уақыты 20 минуттан аспайды.

Сұхбатты бағалау критерийлері:

1) Білім тереңдігі. Толық, егжей-тегжейлі, негізделген жауап. Өзінің кәсіби қызметінің бағыты бойынша хабардар болу деңгейі жоғары. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды терең білу және талдау.

2) Өзін-өзі дамытуға ұмтылу. Нақты білім мен дағдыларды алуға деген ынтасы, бағдарламаны таңдау және Академияға түсу мотивтері, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын білу. Оқу аяқталғаннан кейін алынған кәсіби құзыреттерді қолдану перспективалары туралы пайымы (көзқарасы).

3) Стратегиялық ойлау. Саланың ұзақ мерзімді даму үрдістерін түсіну, мүмкіндіктер мен жетістіктің сыни факторларын көре білу. Тәуекелдерді және оларды жеңу жолдарын анықтау. Белгісіздік деңгейі жоғары жағдайларда жұмыс істеу тиімділігі.

4) Коммуникативтік дағдылар (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын). Жүйелілік пен логика, жеткізудегі дәлелділік, негізделген тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар. Өз көзқарасын қысқаша, репрезентативті және толық жеткізе білу. Әңгімелесушіні әңгімеге тарта білу, жақсы әсер қалдыру (өзін көрсете білу қасиеті). Эмоциялық күйін бақылау.

QRT ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

QAZAQ RESMI TEST - жоғары оқу орнынан кейінгі тілдік құзыреттілікті анықтауға арналған онлайн тест. **QAZAQ RESMI TEST**-ті компьютер арқылы өзіңізге ыңғайлы кез келген уақытта онлайн тапсыруға болады.

Тест 4 бөлімнен тұрады, оларды бір-бірінен кейін де, кез келген ретпен де тапсыруға болады. Маңыздысы тесттің барлық бөлімдерін бірден өту қажет.

	Бөлімнің атауы	Орындау уақыты
1.	Тыңдалым	5 минут
2.	Лексика-орфография	10 минут
3.	Жазылым	10 минут
4.	Сұхбат	5 минут
	Барлығы:	30 минут

АКАДЕМИЯДА ОҚУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- ✓ Жекелеген пәндерді оқыту үшін мемлекеттік басқару және дипломатиялық қызмет саласындағы практик мамандарды, шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды тарту;
- ✓ Іргелі білім мен практикалық тәжірибеге бағдарланған кәсіби профессор-оқытушылар құрамы;
- ✓ Практикаға негізделген бағдарламалар және құзыреттілік тәсіл;
- ✓ Әлеуметтік және кәсіби нетворкингті дамыту, өзара оқыту (peer learning);
- ✓ Әрбір білім алушыға жеке бағдарлану, білім алушының қажеттіліктерін ескеру;
- ✓ Оқу жүктемесін тең мөлшерде бөлу;
- ✓ Алған білімді, диплом алуды күтпей, практикада қолдану мүмкіндігі;
- ✓ Оқуға түсу рәсімінің ашықтығы;
- ✓ Оқуды негізгі жұмыспен қоса атқару.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

QazaqResmiTest сертификатының жарамдылық мерзімі қандай?

B1, B2 деңгейдегі сертификаттар - 1 жыл; C1, C2 деңгейдегі сертификаттар - 2 жыл

ҚАЗТЕСТ сертификатының жарамдылық мерзімі қандай?

B1, B2 деңгейдегі сертификаттар - 3 жыл; C1 деңгейдегі сертификат - 5 жыл

QAZAQ RESMI TEST тапсыруға қалай тіркелуге болады?

естілеу онлайн түрде өтеді. Сіз qrt.kz сайтында тіркеліп, төлем жүргізуіңіз қажет, содан кейін өзіңізге ыңғайлы кез келген уақытта тестілеуден өтуіңізге болады.

QAZAQ RESMI TEST қалай жүргізіледі?

Тест тыңдалым, лексика-орфография, жазылым және сұхбат бөлімдерінен тұрады. Тестілеу барысында бөлімдер арасында үзіліс жасау көзделмеген, сондықтан бөлімдерді 30 минутта жүйе ұсынған реттілікпен немесе өзіңізге ыңғайлы кез келген бөлімнен бастап тапсыруыңызға болады.

QAZAQ RESMI TEST тапсыру қанша уақытқа созылады?

Тесттің тыңдалым, лексика-орфография, жазылым және сұхбат бөлімдерін 30 минутта тапсыру қажет. Соның ішінде, тыңдалымға 5 минут, лексика-орфографияға 10 минут, жазылымға 10 минут, сұхбатқа 5 минут қарастырылған

QAZAQ RESMI TEST нәтижелерін қашан аламын?

Тест нәтижелері бойынша тілдік деңгей көрсетілген арнайы сертификат беріледі. Сертификат жеке кабинетке тест тапсырғаннан кейінгі 2 күннің ішінде жіберіледі.

Академияның ақпараттық жүйесінде тіркелгеннен кейін білім беру бағдарламасын өзгерту мүмкіндігі бар ма?

Сіз Ақпараттық жүйеде таңдалған бағдарламаны Құжаттарды қабылдау мерзімінің соңына дейін, яғни ағымдағы жылғы 30 қарашасына дейін өзгерте аласыз

Сұхбат барысында үміткерге қандай сұрақтар қойылады?

Сұхбат кезінде үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін білу деңгейін анықтауға арналған сұрақтар қойылады. Онымен қоса, іріктеудің бірінші кезеңінде жазылған аналитикалық эссе бойынша сұрақтар қойылатын болады.

Модульдік білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың (Астана қаласында) ұзақтығы қандай?

Модуль Академия қабырғасында екі апталық мерзімде әр үш ай сайын өткізіледі.

ҚЫСҚАША ЖАЗБАЛАР ҮШІН

[illegible]

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

010000 Нұр-Сұлтан, Абай д. 33а
+7 7172 75 32 68
info@apa.kz

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ

+7 7172 75 33 95; +7 7172 75 34 43;
+7 775 075 33 95; +7 775 075 34 43;
admission@apa.kz

БІЗДІҢ РЕСМИ САЙТ



apa.kz

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ



admission.apa.kz

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР:



<https://www.facebook.com/academyofpublicadministration>



www.instagram.com/apa.kz